

**«ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕР -БАБАЛАР МҰРАСЫ»  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИНТЕРНЕТ- БАЙҚАУЫ**

**XXI ғасыр: Құрақ құрау  
өнері сән үлгісінде**

*Ұлттық сәндік қолданбалы өнер*

**Қатысушы:**

*Хайроллина Жаннұр Нұрдаулетқызы  
11 сынып оқушысы*

**Жетекшісі:**

*Калдыбаева Алмажан Тлеубаевна  
технология пәнінің мұғалімі*

**2015-2016  
оқу жылы**

# Қатысушы туралы мәлімет



*Хайроллина  
Жаннұр  
Нұрдаулетқызы*

**Туған күні, айы, жылы:** *05.02.1998ж*

**Мекен-жайы:** *Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы,*

*М.Шманұлы атындағы көше №131*

**Байланыс телефоны:** *8 -71(335)-22-1-07 , 8-705-397-48-75*

**Мектебі:** *Шалқар қалалық №8жалпы орта білім беретін мектеп*

**Сыныбы:** *11 сынып оқушысы*

**Жетекшісі:** *Калдыбаева Алмажан Тлеубаевна ( технология пәнінің мұғалімі)*

**Ұстанымы:** *Заман талабына сай , бәсекеге қабілетті і, білімді,  
шығармашыл , сұранысқа ие тұлға болуға ұмтылу.*

**Қызығушылығы:**

*Сәндік қолөнермен, жалпы дизайнмен айналысу, кітап оқу*

**Тұлғалық қасиеті:** *Жұмысын тиянақты, жылдам , уақтылы ,  
жауапкершілікпен атқару, ізденімпаз, оқу озаты*

# Жұмыстың мақсаты:

- *Жұмыс барысында өз бетімен шығармашылық жұмыс жүргізе білуге, іскерлікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.*
- *Күнделікті тұрмысқа қажетті сұраныс туғызатын, қазіргі заман талабына сай жаңа бұйым жасап шығару*
- *Ұмыт болған халқымыздың қолөнерін жандандыру. Оны жаңа дизайн талаптарына сай әсемдей білуге үйрету, тұтыну бұйымдарын еңбек объектісі ретінде пайдалана отырып, танып білу*
- *Жаңа технологияны пайдалана отырып, интеллектуалды қабілетін дамыту*

# Жұмыстың жоспары:

## I. Кіріспе

- *Құрақтың көркемдік мән-маңызы*
- *Құрақтан жасалатын бұйымдар*

## II. Негізгі бөлім

- *Құрақ құрау өнерінің тарихы*
- *Құрақтың қыз-келіншектерге үйретері*
- *Құрақтағы бояулар сыры, қолөнердегі қазақ символы*
- *Құрақ маталары, құрал-жабдықтары*
- *Құрақ құрау өнері сән үлгісінде*
- *Жұмыс сатыларының орындалу жүйесі*

## III. Қорытынды

- *Қазіргі қоғамдағы ұлттық нақыштағы бұйымдар*
- *Ұлттық қолөнердің насихатталуы, қолданылуы*

# Жұмыстың сатылары:

## I. Ұйымдастыру, дайындық кезеңі:

- Проблеманы шешу;
- Үлгі тандау. Жасалатын бұйымның үлгі сұлбасын сызу, суретін салу;
- Материалдар мен керекті-құрал жабдықтар дайындау;
- Жұмыс орнын ұйымдастыру.

## II. Техникалық кезеңі:

- Техникалық жұмыстарды орындау
- Еңбек қауіпсіздік ережелерін сақтау

## III. Қорытындылау кезеңі, жүйелеу:

- Дайын бұйымды бағалау;
- Шикізат шығынын есептеу;
- Шығармашылық жобаны қорғау.

## IV. Жұмысқа қойылатын негізгі талаптар:

- Өзіндік қызығушылығы;
- Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың сәйкестігі, күрделілігі;
- Оқу кабинетінің материалдық техникалық базасына сай болуы;
- Өз мүмкіндігін ескеру;
- Өз өнімдерін іске асыру, тұтыну.

## V. Бұйымды жарнамалау:

- Өнім белгісі;
- Өндірістің аты;
- Бұйымның аты, қолдану;
- Жарнамалау.

## VI. Жұмысты ұсыну, қорғау:

**- Оқушы өзінің дайындаған жұмысын ұсынып, қорғайды, жұмысын қортындылайды.**

Қазақ халқы –кең байтақ елімізде қалыптасқан көне мәдениеттің тікелей мұрагері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы, ұлттық қолөнердің үздік үлгілерін атадан балаға мұра етуші. Таңғажайып талантымен талайларды тамсандырған қазақ қолөнерінің қарапайым да қайталанбас түрі – қиыстырып құрақ қию, одан көздің жауын алатындай өте бағалы бұйымдар жасау. Оның қымбат құндылығының бір айғағы құрақтан жасалған заттардың ұзатылатын қыз жасауына еніп, бұл дүние-мүліктің ажарын арайландырып жіберетіні, үй ішіне ұлттық рең беріп, адамның рухын асқақтататыны.

Қазақтың ісмер, шебер әйелдері құрақ көрпеден, құрақ кеудешеге дейін, құрақ бөстектен құрақ ойыншыққа дейін жасап, керемет нәрселердің де қарапайым тәсілмен-ақ өмірге келетінін ежелден-ақ қалың жұртқа паш етіп келеді. Зердесіне зейіні бар адамдардың қай-қайсы да құрақтан жасалған заттарға ойлы көзбен назар аударса, сан алуан сәнді түстердің бір-бірімен жарасым тауып, әдемілік әлемін сыйға тартып тұрғанын айқын аңғара алады. Ол арқылы халқымыздың құнарлы дүниетанымын, эстетикалық талап-талғамын, сұлулықты аңсаған іңкәр сезімін айтқызбай-ақ танысың. Басты бұйымдары *көрпе, тұскиіз, кеудеше, жастық, түрлі ойыншықтар* болып келетін құрақ құрау – қазақ дәстүрінде қыз балалар кішкентайынан біліп, үйренуге тиісті қолөнер түрі.

- **Құрақ**–төрге төсейтін көрпеше. Мата қиындыларын қиюластырып, тұмарша, сегіз жапырақ, ромб тәрізді өрнектерден құралған көрпені *Құрақ* немесе *Құрақ көрпе* деп атайды. Ежелден қонақжай қазақ халқы төрін қонаққа арналған “қасиетті орын” санаған. Ерте кезде баласы өліп, тоқтамаған үй “тіл-көзден аман болсын” деген ырыммен қырық Құрақ құрап, баласын соған ораған. Құрақ көрпені арасына мақта немесе қойдың, түйенің жүнін салып, сырып тігеді.
- **Қоржын.** Зат салатын бұйым. Ертеде жарапазан айтқан балалар иығына қоржын арқалап, қазақ ауылдарын аралаған. Әрбір үй оларға қолында бар құрт, ірімшік, жент тәрізді тәттілерін беріп, күміс түйген орамалдар сыйлап, балалар өз отбасына қоржынын несібеге толтырып қайтатын болған. Алыс сапарға шыққандар да астындағы атына қоржын теңдеген. Тіпті, сүндетке отырғызған баланы атқа мінгізіп, ағайын аралатқанда да жанына қоржын байлағаны мәлім. Қазір түрлі қиықтардан жасалып, ою-өрнек салынған сәнді қазақы қоржындар құдағилар арасында жүріп, сыйластықтың бір дәнекері болуда.
- **Құрақ кеудеше.** Көбінесе қыз-келіншектерге арнап жасалатын киім. Халқымыздың салт-дәстүрі бойынша, ұл-қыздары той-думанда ғана емес,

күнделікті өмірде де әдемі киініп, таза жүрген. Құрақ кеудешелер әрі сәнді, әрі жылы. Оны қай жерге де киіп баруға болады. Құрақ кеудешені жасарда оған таңдап алынған маталар тобының түр-түсі жағынан бір-біріне үйлесімді болғанына ерекше көңіл бөлінеді. Шеберлер қызылдың жанына жасылды, ақтың жанына қараны, көктің жанына сарыны қойып, әр түстің терең мәні мен сырын ашқан ғой. Құрақ кеудешені жасарда да ол қатаң түрде ескеріледі. Және де қолдағы материалдардың қиы-қтарының біртекті болғаны дұрыс. Яғни, құрақтар тобы бірыңғай мақта, бірыңғай пүліш, немесе бірыңғай жүн, жібек маталардың қиықтарынан құралуға тиісті. Бұл құрақтың тегіс, оңай құралуы үшін қажет. Және де бірыңғай мата түрінен құралған кеудеше, басқа да киім, бұйымдар кигенде, қолданғанда, жуғанда бір жері созылып, бір жері қысқарып кетпей, өз үлгісін сақтайтын болады. Жалпы, құрақ кеудешені қызыл, күлгін, қою көк, ашық көгілдір маталардың қиықтарынан жасаған дұрыс. Ал астарына тұтас мата алынады, кеудешенің етек-жеңін әдіптеуге тесьма пайдаланылады.

- **Тақия.** Қазақ шеберлері ежелден-ақ құрақтарды қиюластырып тақия тігіп келеді. Құрақ тақиялар - өте сәнді баскиім болып саналады. Қызыл – жасыл, сары – көк тақиялар бойжеткендердің көркін құлпыртып, қос бұрымды шашына керемет жарасып тұрады. Шеберлер құрақ тақияларды негізінен, пүліш маталардың жарқын, ашық бояулы қиықтарынан тігеді. Бүйірін шаршы ішіндегі қиықшалардан құрастырады. Мұндай тақияның бүйіріне кемінде төрт түрлі түстегі құрақ пайдаланылады. Сонда құрақ тақия көрікті болып шығады. Тақияның төбесіне шашақ тағылады

**Құрақ құрау** - қалдық қалдырмау. Ертеде қазақ даласында қымбат маталар тапшы болғандықтан, киім-кешек тігушілер қалған маталардың қиықтарын бір кәдеге жаратуға тырысып, олардан әртүрлі бұйымдар жасаған. Сөйтіп, құрақ құрау өнері дүниеге келген. Ол қыздарды төзімділікке, үнемділікке, шеберлікке, бояуларды ажыратып, олардың бір-бірімен үйлесімділік табуын түсініп, тануға шыңдайды, тазалыққа, әсемдікке үндейді, жан-дүниесін байытып, ой-өрісін кеңейтеді. Құрақ негізінен, түрлі-түсті маталардан құралады. Мата қиығын қолына ұстаған әрбір әйел оны білмей тұрып қиық құрай алмайды, жасаған бұйымы көріксіз болып шығады. Яғни, құрақ құрауда қойылатын басты шарт: онымен айналысатын адамның бойында өнерді түсінетін қасиет, ұшқыр қиял, бояулардың сырын білетін таным болуға тиіс. Құрақ құрау үшін ең алдымен, қажетті материалдар таңдап алынып, олар түрі, түсі, матасына қарай сұрыпталады. Яғни, маталардың *барқыт, жібек, сиса, сәтен* кесінділері жеке-жеке бөліп алынады. Содан кейін ісмер әйел не бірыңғай барқыттан, немесе бірыңғай жібектен құрақ құрауға кіріседі. Бұл істі бастамас бұрын әрбір түстің бір-біріне сәйкес келуіне, бірін-бірі ашып тұруына айрықша көңіл бөлінеді

**Ысырапқорлық** – қазақтарға жат қылық. Ежелден-ақ ата-бабаларымыз үнемшіл болып, қолдағы темір, сүйек, ағаш, тері тәрізді заттардың да кесінділерін қажетіне ұқсатып, аяқ асты тастамаған. Ал қолдағыны осылай ұқсатуда қиыстырып құрақ құраушылардан асқан шебер жоқ. Олай болса,

құрақ құрау қыз-келіншектерді ысырапқорлықтан тыйып, үнемділікке үйретеді.

Түрлі түсті мата қиындыларынан құрақ құрау жұмысы ежелден – нәзік сезімді, түсті аңғарғыш, эстетикалық талғамы жоғары тұратын іс. Ел арасында құраққа қатысты бірсыпыра атаулар қолданылады: құрақтың суы – құрақтардың арасына жүргізілетін бір түсті жолақтар, құрақтың көзі – құрақтардың ортасына басқа түстен тігілетін өрнек, яғни басқа құрақ соның айналасына тігіледі, жұлдыз құрақ – таңдай пішінді құрақтан құралып, көздері тең үшбұрышты түсті барқытпен көмкерілген түрі, тырнақ қатар – тырнаққа ұқсаған үшбұрышты құрақшалардан құралған түрі, т.б.

Қазақ қолөнерінің, оның ішінде құрақ бұйымдарының бояуы сан алуан. Халқымыздың ұғымында көгілдір түс-аспанның символы, қызыл түс – оттың, қанның, өмірдің, жасыл түс - өсімдіктің, көктемнің, бастаудың, ақ түс – биіктіктің, аспанилықтың, сары түс – даналықтың, білімнің белгісі. Сол себепті, қиықта бұл түстер бір-бірімен тығыз бірлікте тұрғанында ғарыштың, әлемнің бейнесін бедерлеп, буддистік мандаланың философиялық мағынасынан да артық мән-маңызға, құпия сырға толы екенін байқатады.

Қазақ қолөнерінің қандай түрінде де ою-өрнектер пайдаланылады. Құрақтан жасалған бұйымдарда да олар өз орнын тауып жатады. Негізінен, қазақ символы көп қабатты. Ол басқа символдармен астасып, мағынасын байыта береді. Этнографтардың айтуынша, бұл жерде төртбұрыштың және оған қиысатын барлық элементтердің мәні айрықша. Олардың түсіндіруінше, төртбұрыш магиясының мәні төрт тұсты тұтастыра білуінде. Қазақтың дәстүрлі көзқарастары бойынша төрт санының мағынасы зор, соған байланысты пікірлер қалыптасқан, төрт дүние, төрт бағыт, төрт жағы төрт құбыла, яғни тепе-теңдіктің белгісі

### **Құрақ құрау үшін әртүрлі маталар қолданылған**


- **Қамқа**– алтындатқан немесе күмістеткен зерделі жіптен тоқылған жібек мата.
- **Қатина** – жол-жолы бар, жұқа жібек мата. Барқыт, шыт.
- **Торқа** – ең қымбат жібек мата.
- **Батсайы** – қалың жібек кездеме.
- **Торғын** – қымбат бағалы жібек матаның бір түрі.
- **Мақпал** – тығыз тоқылған, жұмсақ, түкті барқыттың бір түрі.
- **Қыжым** – сапалы жүнен тоқылған түкті мата, плюш.
- **Пай** – жібек мата.
- **Парша** – алтын мен күмісті араластыра отырып тығыз тоқылған жылтырақ жібек мата және сол матадан тігілген қымбат бағалы киім.
- **Қазине** – жібектен қалыңды – жұқалы етіп тоқитын мата.
- **Шағи** – жұқа келген жұмсақ және таза мата.
- **Ләңке** – сырткіімдік матаның бір түрі.
- **Насар** – жібек кездеме.
- **Ұштан** – ақ түсті тығыз мата.



- **Шыт** – арзанқол жұқа мата.
- **Сәрпөңке** – астарлық жібек мата.
- **Бояқ** – кездеменің боялған түрі.
- **Борлат** – қызыл түсті жұқа мата.
- **Тібен** – түрлі-түсті қалың мата.

## Қажетті құрал-жабдықтар:

**Ине** — қол жұмысына арналған негізгі құрал. Ине жіңішке және өткір ұшты болуы қажет. Құрақ тігу үшін қысқа инелерді пайдаланған жөн.



1 сурет



**Түйреуіштер** / домалақ басты (сурет 1а), «ағылшын»/ —бірнеше құрақ қиындыларын тігерде түйреуге арналған құрал. Түйреуіштер де өткір ұшты болуы қажет, себебі жұқа маталарда, әсіресе біртүсті маталарда түйреу ізі қалуы мүмкін..

**Жіптер-** құрақтарды біріктіріп тігуге арналған құрал. Мақта жіптерді қолданған жөн дегенмен де жібек, атлас маталардан құрақ құралатын болса, онда жібек, нейлон жіптерді пайдаланған жөн. Жіптер мата түсіне сәйкес болуы қажет

**Қайшы** құрақ құрауда үлкен қайшы маталарды қиюға арналған және кішкентай қайшы- қол жұмысы барысында жіптердің ұшын қиып отыру үшін қажет. Қайшы өткір болуы керек.



**Сантиметрлік таспа лента** — өлшеуіш құрал.

**Сызғыштар** /үшбұрышты, транспортир/ — маталарда құрақ қиындыларын белгілеуге арналған құрал. Сызғыштар көмегімен құрақтарды параллельді, перпендикулярлы, бұрыштарын бір-біріне сәйкес орналастыруға болады.

**Бор,/кепкен сабын/, қарындаш** - маталарда құрақ бөлшектерінің контур сызығын сызуға арналған құрал.



**Оймақ**- қол жұмыстарында итергіш және саусақты жарақаттан қорғайтын құрал.

**Құрақ құрау өнерінің жаңаша дамуы:** Қазір ұлттық салт-дәстүріміз қайтадан жаңғырып, өмірімізге тереңдеп енгендіктен, қазақтың құрақ құрау өнері де қайтадан жаңаша дамып отыр. Ауылда да, қалада да көптеген қазақ отбасыларының төрінен қайтадан құрақ көрпелер, құрақ тұскиіздер орын ала бастады. Яғни, құрақ құрау, оны тамашалау қыз-келіншектерді сұлулықпен сырласуға, оны өн-бойына сіңіруге, бояулар әлемін танып, түсінуге үйретеді. Ал жаны сұлу адамның ісі де, мінез-қылығы да, сөзі де, отбасы да сұлу. Әр үйде құрақтан жасалған бұйымдардың болуы – отбасының ұлтжандылығын ғана танытып қоймайды. Бұл қазақ қолөнерінің ежелгі түрінің қайтадан жаңғырып, қазіргі заманмен жарасым тауып отырғанын көрсетеді. Және де құрақтан жасалған бұйымдардың көбеюі шетелдіктерге біздің еліміздің қолөнерінің қаншалықты дамығанын паш етіп, қазақты әлем халықтарына кеңінен танытуға жарқын жол ашып отыр. Қысқы «Азияда» күндерінде шетелдіктердің түрлі ұлттық сувенирлермен бірге құрақ бұйымдарын да көптеп сатып алып жатқанын көргенімізде біз сондай ойға келдік. Яғни, құрақ құрау қыз-келіншектеріміздің жанында ұлтжандылық қасиеттерді орнықтырып, оларды ұлттық қолөнерімізді сүйуге, оны дамытуға үлес қосуға тәрбиелейді. Қазақ қолөнерінің, оның ішінде құрақ бұйымдарының бояуы сан алуан. **Түстер үйлесімділігі:** Халқымыздың ұғымында **көгілдір түс**-аспанның символы, **қызыл түс** – оттың, қанның, өмірдің, **жасыл түс** - өсімдіктің, көктемнің, бастаудың, **ақ түс** – биіктіктің, аспанилықтың, **сары түс** – даналықтың, білімнің белгісі. Сол себепті, қиықта бұл түстер бір-бірімен тығыз бірлікте тұрғанында ғарыштың, әлемнің бейнесін бедерлеп, буддистік мандаланың философиялық мағынасынан да артық мән-маңызға, құпия сырға толы екенін байқатады.

**Құрақ құрау өнері - сән үлгісінде:** «Ағаш көркі-жапырақ, адам көркі-шүберек» деп тегін айтылмаған. Жоғарғы талап-талғамға қарай әдемі киіне білудің өзі мәдениеттіліктің бір көрінісі десек, XIX ғасырдың аяғында XX ғасырдың басында көшелерден осындай сәнді киім киген бикештерді кездестіруге болатын еді. Олардың сол кездегі іскерлер тіккен, бұл киімдердің үлгілері қазіргі шеберлерді де таңқалдырары сөзсіз. Құрақ құрау өнері ата бабымыздан келе жатқан өнер. Бұл өнер тек қазақ халқында емес, басқа елдерде де кеңінен қолданып, танымал өнердің бірі. Сондықтан ең бастысы қалдық маталарды үнемді пайдаланып, ысырапсыз қолданып, қиын кезеңдерде жоқтан бар жасау болатын болса, қазіргі таңда құрақ өнері тек СӘН ҮЛГІСІНЕ айналды. Сән әлемі ұмытылған қолөнерге құшағын айқара ашып, дизайнерлер өз


туындыларының арасынан орын берді. Құрақ құрау асқан шеберлікті, жоғарғы талғамды талап ететін *қол жұмысына* жатады. Қол жұмыстары осы заманда өте жоғары бағаланады. Сондықтан осы өнер арқасында мол табыс табуға да болады.


## Жұмыстың орындалу барысы





Қолданатын мата түрлері мен түстер үйлесімдігінің өзара сәйкестігі құрақ құрау өнерінің негізгі талабы болып табылады.






**Құрақ құрау технологиясы бойынша тігілген сәнді сумка**



# ҚҰРАҚ ҚҰРАУ ӨНЕРІ СӘН ҮЛГІСІНДЕ



## ҚОРЫТЫНДЫ:

Бүгінгі технологияның қарыштап дамыған тұсында, қолына ине ұстап, жіп сабақтаған қыз-келіншектерді кездестіру қиын. Мінездің шыдамдылығын, қолдың икемділігін қажет ететін тігінші мамандығы, әсіресе, ұлттық бұйымдарды дөңгелетіп әкету қазір көптің қолынан келе бермес. Жасыратыны жоқ, көненің көзі, қария әжелер бір күнде сырмағын ойып, сызуын келістіріп тұрып кесте тіккенде ешкім таңғалмайтын. Өйткені, мұндай қасиет сол кезге тән болды. Қазір қол шеберлігі мен ой еңбегінің арқасында дүниеге келген ұлттық қолөнер туындылары біртіндеп құмға сіңген судай сиреді. Киіз басып, кесте тігіп, ою ойып, құрақ құраған жандарды көрсек болды құрақ ұшып, риза боламыз. Бұл қашанда құндылығы артып тұратын ұлттық бұйымдардың, қолөнердің қасиеті болар...

Көргендердің көзінің жауын алып, таңғалдырған, адам қолынан шыққан осынау небір ғажайып туындылар бүгінгі халқымыздың мақтанышы болса, ертеңгі болашақ үшін баға жетпес мұра.

